

**"Қарыздарсыз Жаңа жыл" (бұдан әрі - Ереже)
науқанының ережесі**

1. Осы Ережелер арқылы **"Қарыздарсыз Жаңа жыл" науқанын өткізу тәртібі мен шарттары анықталады** (бұдан әрі - Науқан).
2. Науқан жеңімпаздары осы Ережеде баяндалған белгілерге сәйкес анықталатын болады.
3. Науқан ұйымдастырушысы "Еуразиялық банк" АҚ (БСН 950240000112) (бұдан әрі - Банк), орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Қонаев к-сі, 56
4. ҚР "Ойын бизнесі туралы" Заңы мен "Лотерялар мен лотереялық қызмет туралы" Заңына сәйкес Науқан мағынасымен анықтамасы бойынша құмар және/немесе лотерея ойындары болып табылмайды.
5. Науқанға қатысқаны үшін төлем алынбайды.
6. 18 жасқа толмағандар мен Банк қызметкерлері, Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалар мен осы Ереженің 9-тармағында көрсетілмеген басқа тұлғалардың Науқанға қатысуға құқытары жоқ және Науқан қатысушылары болып табылмайды.
7. Науқан жүлдерелері:

№	Жүлде атауы	Жеңімпаз саны
1	Бөліп төлеу опциясы бар Кредиттік лимит пен SmartCard жаңартпалы кредит өнімдері бойынша ұтыс ойындары өтетін күні өтелмеген берешектерін өтеу	8

Ұтыс ойындарының кестесі

кезең №	Ұтыс ойын мерзімі	Жүлде	Кезеңдегі транзакцияға қатысатындар
1	15.12.2022	Бөліп төлеу опциясы бар Кредиттік лимит пен SmartCard жаңартпалы кредит өнімдері бойынша ұтыс ойындары өтетін күні өтелмеген берешектерін өтеу	01.12.2022 - 11.12.2022
2	22.12.2022		12.12.2022 - 18.12.2022
3	29.12.2022		19.12.2022 - 25.12.2022
4	05.01.2023		26.12.2022 - 31.12.2022
5	12.01.2023		01.01.2023 - 08.01.2023
6	19.01.2023		09.01.2023 - 15.01.2023
7	26.01.2023		16.01.2023 - 22.01.2023
8	09.02.2023		23.01.2023 - 31.01.2023

8. Науқан өткізу кезеңі: 2022 жылғы 01 желтоқсан 00 сағат 00 минуттан 2023 жылғы 31 желтоқсан 23 сағат 59 минутты қоса алғанға дейін (бұдан әрі - Науқан кезеңі).
9. Науқанға қатысу шарттары:
 - 9.1. Науқанға қатысатындар - банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешегі болмаған жағдайда Бөліп төлеу опциясы бар Кредиттік лимит пен SmartCard жаңартпалы кредит бойынша қолданыстағы төлем карталарының ұстаушылары;
 - 9.2. Науқанға қатысу шарттары - Бөліп төлеу опциясы бар Кредиттік лимит пен SmartCard жаңартпалы кредит бойынша қолданыстағы төлем карталарын пайдалана отырып, тауарлар мен қызметтерді сатып алу операцияларын Науқан кезеңінде жасау:
 - сатып алу саны мен сомасы шектелмейді;
 - Науқан кезінде жасалған әрбір сатып алулар 9.7.-тармақта көрсетілген ережелерді ескере отырып, жүлденің ұтыс ойынына қатысады.

- 9.3. Жұлде деп – Банк алдында пайда болған және Бөліп төлеу опциясымен кредиттік лимит пен SmartCard жаңартпалы кредиттің қолданыстағы төлем картасы шеңберінде ұтыс ойыны өткізілетін күні өтелмеген Науқан жеңімпазының берешегін Банктің өтеуі түсініледі. Бұл ретте егер ұтыс ойынын өткізген күннен бастап жұлдені нақты берген (банк жеңімпаздың берешегін өтеген) күнге дейінгі кезеңде жеңімпаз берешегінің толық\бөлігін не жеңімпаз не өзге үшінші тұлғалар өтейтін болса, онда мұндай қарыз бөлігі жеңімпазға қайтарылмайды және Банк жұлдені өтелмеген берешек бөлігіне береді.
- 9.4. Жұлденің ұтыс ойыны мен жеңімпазды таңдау рәсімдері апта сайынғы негізде жүзеге асырылады. Науқанның бір жеңімпазы апта сайын анықталып отырады;
- 9.5. Науқан жеңімпазы Банктің басқа Науқандарына да қатысуы мүмкін, бірақ осы Науқан шеңберінде бір рет қана жеңімпаз болады.
- 9.6. Науқанға негізгі және қосымша карта ұстаушылары қатысады, бұл ретте Науқан жеңімпазы болып бұрын негізгі немесе қосымша карта ұстаушысы анықталса, онда ондай карталар жұлденің келесі ұтыс ойындарына қатыспайды;
- 9.7. Науқан жеңімпаздарын анықтау үшін апта сайынғы базаға (транзакцияға қатысушылар тізімі) қаржы құжаты алынған сатып алу операциялары (жасалған транзакция бойынша өзара есеп айырысудың аяқталған фактісі болып табылады) мен Науқан барысындағы нақты аптада жүргізілген операциялар (яғни Науқан қатысушыларының базасы Науқанның әрбір аптасы аяқталғаннан кейін анықталады) енгізіледі.
10. Науқанға осы Ереженің 6 және 9-тармақ талаптарына сәйкес келетін қатысушылар қатысады.
11. Банк Науқан Жеңімпазын (бір негізгі және екі қосалқы) Науқанның әрбір аптасы аяқталғаннан кейін ұсынылатын транзакцияларға қатысушылар тізімінен, осы Ереже талаптарын толық орындаған Науқан қатысушылары арасынан, арнайы компьютерлік бағдарлама көмегімен карта бойынша транзакцияның реттік референс-нөмірін кездейсоқ таңдау әдісі арқылы анықтайды.
12. Банк пен Науқан қатысушылары арасында ұтыс ойынын жүргізу үшін Банк қызметкерлерінің кемінде 3 (үш) мүшесінен тұратын комиссия құрылады.
13. Комиссия мүшелерінің функцияларына:
- Науқан жұлде қорының ұтыс ойынын жүргізу;
 - жеңімпаздардың қосалқы тізімін қалыптастыру;
 - сәйкес хаттамаға жеңімпаздарды көрсете отырып, қол қою арқылы ұтыс ойынының нәтижелерін растау жатады.
14. Банк Жеңімпаздарды ұтыс туралы Жеңімпаздарды клиентпен негізгі қарым-қатынас жасау арналары (ұялы телефон/мессенджер) арқылы осы Ереженің 13-бабына сәйкес анықтағаннан бастап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.
15. Егер Жеңімпаз Банк қоңырауларына 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жауап бермесе немесе Жұлдені алудан бас тартқан жағдайда, Банк қосалқы бірінші жеңімпазбен байланысады. Егер онымен де байланысу мүмкін болмаған жағдайда екінші қосалқы жеңімпазбен және т.б. жеңімпаздармен байланысады.
16. Жеңімпаз берешегін Банк жеңімпаз туралы ақпарат алған сәттен бастап, осы Ереженің 14 және 15-тармақтарында көрсетілген ережелерді ескере отырып, 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтейді.
17. Жұлделер ақша баламасында берілмейді.
18. Науқан туралы, Науқанның елеулі өзгерістері туралы және өзге ақпарат Банктің www.eubank.kz сайты мен/немесе Банктің әлеуметтік желілерінде орналастырылады.
19. Ұйымдастырушы мен Серіктес Науқан Қатысушылары мен барлық мүдделі тұлғаларды ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Қағидада анықталған тәсілмен Науқан өткізу шарттарын, мерзімдерін өзгерту және/емесе толықтыру, жұлде қорын,

сондай-ақ Науқанды жалпы тоқтату немесе өз қарауы бойынша оның қандай да бір бөлігін өткізбеу құқығын өздеріне қалдырады.

20. Банк Науқан Қатысушыларының шығындарымен қоса олардың қандай да бір қателері үшін жауап бермейді.

21. Жеңімпаз Науқанға қатыса отырып, интервью кезінде оның атын, фотосын немесе оның Науқанға қатысуымен байланысты басқа материалдарды пайдалану құқығын және оларды пайдаланғаны үшін кез келген сыйақы төлемісіз, сөзсіз әрі даусыз және кері қайтарылмайтын тәртіпте Банкке ұсынады.

22. осы Ереже мақсатындағы дербес деректер деп жеке тұлғаны тікелей немесе жанама түрде анықталған немесе анықтауға қатысты кез келген ақпарат түсініледі (дербес деректер субъектісі).

23. Науқан қатысушысының Науқанға қатысуға байланысты өз құқықтарын (соның ішінде Жүлдені алу құқығы) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.

24. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Банктің Науқан жөніндегі шешімдері нақты болып табылады да, оған шағымдануға жол берілмейді.

25. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Ережелерде көзделген жағдайлардан басқа, даулы жағдайлар орын алған кезде Науқан қатысушыларымен жазбаша келіссөздерге немесе басқа байланысқа түспеу құқығын өздеріне қалдырады.

26. Осы Ережемен көзделмеген жағдайларда Банк түбегейлі шешімді өзі қабылдайды.

27. Науқанға қатысуға байланысты қандай да бір сұрақтар, ұтыс ойындарын өткізу және басқасы туындаған жағдайда, Науқан Қатысушысы Банктің reklama@eubank.kz электрондық мекенжайына хат жолдай отырып жүгіне алады. Банк Науқан Қатысушының жүгіну хатын алған күннен бастап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап береді.

28. Осы Ереже Науқанның ресми құжаты болып табылады.